

Қорыта келгенде, еліміздің осы халықаралық экономикалық ұйымға енуі Қазақстанның дүниежүзілік нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін нығайту үшін кең мүмкіндіктер ашатынына сенімдімін. Дегенмен осы мүмкіндіктерді ұтымды әрі тиімді пайдалану білу керек.

**Жумашева А.Б., э.ғ.м., оқытушы (академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ)
Байтенова К.А., Шангереева А.М., 2 курс студенттері
(академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ)**

ЭКОНОМИКАНЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТҮРҒЫДА ДАМУДЫҢ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Бүгінгі күні әлемдегі алдыңғы қатарлы дамыған елдердің негізгі күш-қуаты ұлттық экономикаларының инновациялық әлеуетін қалыптастырумен байланыста болып отыр.

Экономикада әрбір жүйе мен құрылымның атқаратын негізгі мақсаты мен міндеттері бар. Олардың әрбірі жалпы экономиканың тиімділігін арттыру үшін, жаһандық ортада бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру үшін, халықтың игілігі үшін қызмет етуі заңды.

Бүгінгі күні әлемдік дамудың негізгі ерекшеліктердің бірі әрбір әсекеге қабілетті экономиканы қалыптастыруға ынталы елдің қалыптасқан инновациялық бизнес ортасының болуы саналады. Алайда, бұл құбылысты қазіргі уақытта туындаған тың өзгеріс деп қабылдауға болмайды. Өйткені инновациялық бизнес ортасы қалыптасқан және нықтап дамыған елдер баршылық. Олардың әлемдік нарықтағы үлесі де қомақты. Сонда да болса, дамыған елдердің қатарына кіруге талпыныс білдіріп отырған біздің еліміздің өзінің мүмкіндіктері мен стратегиялық мақсаттарына сай инновациялық бизнес ортасы, жүйесі мен инфрақұрылымы болғаны абзал.

Инновациялық бизнестің қалыптасуы мен дамуы сол елдің инновациялық ортасының әлеуетіне, нақты жұмыс істеу мүмкіндіктеріне және де инновацияларды жасайтын және жүзеге асыратын адам капиталының қуатына тікелей байланысты. Сондықтан да, инновациялық бизнес мазмұнын тереңірек ұғыну үшін, ең алдымен, «инновация» түсінігін ұғыну қажет.

Жалпы, инновацияларды қалыптастыруға не ықпал етеді деген сұраққа жауапты іздесек, онда оның негізіне адам қажеттілігінің шексіз өсуі мен осыдан ығатын жаңа сұраныстардың жататынын аңғару қиын емес. Сондай-ақ, бәсекелік ортаның дамуы мен қоршаған орта мүмкіндіктерінің өзгеруі деуге де болады. Оған себеп, табиғи ресурстардың сарқылуы немесе тапшылығы, өнім өндірушілердің қызмет ету тиімділіктерін жоғарылатуға ұмтылуы, яғни пайданы көбейтуге мүдделілігі және басқалар.

"Инновация" термині латынның "innovate" деген сөзінен бастау алады, негізгі мағынасы жаңарту және жақсарту дегенді білдіреді. Бұл мағына алғаш рет батыс мәдениеттанушыларының зерттеулерінде көрініс табады және бір мәдениеттің элементтерінің екіншісіне енгізілуі деп түсіндіріледі.

Инновацияны экономикалық категория ретінде алғаш қарастырған ғалым И.А.Шумпетер болатын. Ол өзінің «Экономикалық даму теориясы» атты еңбегінде жаңашылдық экономикалық жүйені алға сүйреуші, оның бір жағдайдан екінші жағдайға өтуіне ықпал етуші деп қарастырады. Ол инновацияның негізгі бес себебін атап көрсетеді: жаңа шикізат көздерін пайдалану; жаңа техниканы, технологиялық үрдістерді немесе нарықтың жаңа талаптарын пайдалану; өндіріс пен оның материалдық-техникалық қамсыздануын ұйымдастырудағы өзгерістерді енгізу; жаңа сипаттағы өнімдерді енгізу; жаңа өткізу нарықтарының пайда болуы.

Инновация – ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті пайдалана отырып, бәсекелік ортада кәсіпкердің табыс табуымен байланысты жаңа немесе жетілдірілген өнім

шығарып, қызмет көрсетіп, жұмыс орындауын, мемлекеттің немесе ынталы топтардың қоғамдық, әлеуметтік қатынастарды жетілдіру, қоршаған ортаның тазалығын немесе тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында атқаратын маңыздылығы жоғары және ұтымды шараларын сипаттайды. Яғни, зияткерлік меншік объектісі нәтижеге айналған кезде ғана ол инновация болады.

Жаналық деңгейіне байланысты инновациялар негізгі төрт категорияға бөлінеді:

1) базистік инновациялар – нарықта бұрын болмаған өнімдедің, қызметтердің, жұмыстардың пайда болуына мүмкіндік береді;

2) жақсартылған инновациялар – нарықта бар тауарлардың, қызметтердің, жұмыстардың параметрлерін жетілдіруге бағытталған;

3) кешенді инновациялар – әлемдік тәжірибеде сынақтан өткен жетістіктерді жинақтай отырып, әртүрлі салалар мен өндірістердің мүмкіндіктерін бірге пайдалануға ықпал етеді (мәселен, ұялы телефондарды сөйлесу құралынан басқа фотоаппарат, радио, есептегіш құрал, плеер және басқа да мақсаттарда пайдалануға болады);

4) Радикалды инновациялар – жаңа ғылыми идеялар мен ізденістерге негізделеді, жаңа салалар мен бағыттардың қалыптасуына алып келеді (ғылымдағы жаңа бағыттар – гендік инженерия, биотехнология, нанотехнология, жәндіктерді клондау және т.б.)

Қазіргі нарықта базистік инновациялардың пайда болуы күрделірек болып саналады, сондықтан да инновацияны жасаушылар жақсартылған инновацияларға көбірек мән береді. Ал радикалды инновациялар терең ғылыми зерттеулерді қажет етеді және ол үрдіс ұзақ уақыт бойы жүреді, сонымен қатар, бірнеше ғылыми орталықтар мен зертханалардың, тәжірибелік, өндірістік орталықтардың, қаржы топтарының қатысуымен ғана белгілі бір нәтижеге жетуі мүмкін.

Инновация – ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті пайдалана отырып, бәсекелік ортада кәсіпкердің табыс табуымен байланысты жаңа немесе жетілдірілген өнім шығарып, қызмет көрсетіп, жұмыс орындауын, мемлекеттің немесе ынталы топтардың қоғамдық, әлеуметтік қатынастарды жетілдіру, қоршаған ортаның тазалығын немесе тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында атқаратын маңыздылығы жоғары және ұтымды шараларын сипаттайды. Яғни, зияткерлік меншік объектісі нәтижеге айналған кезде ғана ол инновация болады.

Қазіргі нарықта базистік инновациялардың пайда болуы күрделірек болып саналады, сондықтан да инновацияны жасаушылар жақсартылған инновацияларға көбірек мән береді. Ал радикалды инновациялар терең ғылыми зерттеулерді қажет етеді және ол үрдіс ұзақ уақыт бойы жүреді, сонымен қатар, бірнеше ғылыми орталықтар мен зертханалардың, тәжірибелік, өндірістік орталықтардың, қаржы топтарының қатысуымен ғана белгілі бір нәтижеге жетуі мүмкін.

Нақты инновациялық стратегияны таңдау оны әзірлеудің әдіс-тәсілдерімен және алдығы кезеңде кәсіпорын жүзеге асратын инновациялық қызметтің нәтижелерімен анықталады. Кәсіпорынға инновациялық стратегияның типін анықтау үшін оның ағымды жағдайы және потенциалды мүмкіндіктері туралы қажетті ақпарат алу мақсатымен оның қызмет етуінің негізгі аспектілерін бағалау қажет.

Республикада инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау келесі бағыттар бойынша жүзеге асады:

- мемлекеттік инновациялық саясатты жүзеге асыру үшін инвестицияларды тартуды қамтамасыз ететін экономикалық шарттарды жасау арқылы инновациялық қызметті ынталандыру;
- инновациялық дамудың басымдылықтарын анықтау;
- инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру және дамыту;
- инновацияларды жасауда және енгізуде мемлекеттің қатысу;
- сыртқы нарықтарға инновацияларды жылжыту.

Әдебиеттер

1. «Иновациялық бизнес» оқу құралы. Әмірбекұлы Ержан. Алматы 2014
2. Учебник «Теория инновационной экономики». О.С.Белокрылова. Ростов-на-Дону «Феникс» 2009.

Абдраманова Г.К., э.ғ.к., доцент (Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ)
Қаратаев Д.Д., магистр, оқытушы (Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ)
Қадыр А.Ш. (Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ)
Асанбай Т.А.(Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ)
Медетова М.М. (Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ)

«ЭКСПО-2017» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨРМЕСІ ҚАРСАҢЫНДА «Q – BUS» ЖЫЛЖЫМАЛЫ КОФЕЙНЯНЫ ҚАЗАҚСТАНДА ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Кезекті «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесін өткізетін ел мәртебесі Қазақстанның елордасы Астана қаласына бұйырғандығы 2012 жылдың 22 қарашасында Францияның астанасы Париж қаласында өткен ХКБ-нің ЕХРО халықаралық бюросы Бас ассамблеясының 152-ші сессиясы барысында белгілі болды.

«ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесіне келетін қонақтарға Астана қаласында ұсынылған экскурсия маршрутымен, сонымен қоса тамақтандыруды ұйымдастыру арқылы жылжымалы кофейня бизнесін ұсынамыз.

Қоғамдық тамақтандырудың ерекше рөлі, оның елімізде шағын және орта бизнестің дамуына ықпал етуімен байланысты, осы орайда еліміздегі қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының көбі шағын нысанда ұйымдастырылғанын да атап өтуге болады, тек мейрамхана бизнесі объектілерінің біршамасы ірі кәсіпорынға жатады. Осы үрдіс көне заманнан бастау алады, сол себептен оның дамуын орнықты әрі тұрақты деп атап өту қажет. Мәселен, қоғамдық тамақтандыру индустриясының алғашқы объектісі ретінде 20-дан астам адам сыймайтын, ал келушілерге 5-6 адамнан аспайтын ұжым қызмет көрсететін тавернаны атауға болады [1].

Қазіргі уақытта, «2020 жылға дейінгі туризмді дамыту тұжырымдамасы» арқылы аймақтық, ұлттық жобалардың іске асырылуы елімізде туризмнің дамып жатқандығының айқын айғағы болып табылады. Сондықтан, біз ұсынып отырған жұмыс Қазақстан нарығында алғашқы жылжымалы автобус – кофейняны іске асыруға болатын жобалардың бірі деп таныса болады. Автобус қазақи дизайнда заманауи технологиялармен ерекше үйлесімін табады.

Қазіргі таңда туристер үшін туризмнің барлық салаларында сапалы қызметтің қажеттілігі күннен-күнге артып келеді. Әсіресе бұл үрдіс біздің елімізде орын алуда. Яғни, туризм саласының дамуы, бірінші орында туристер үшін рухани демалумен қатар, материалдық жағынан да сапалы жабдықталуды қажет етеді. Оның ішінде, туристер мәдени, тарихи және т.б. объектілерді тамашалаумен бірге, заман талабына сай қонақ үйлерде орналасу, тамақтану, көлік қызметтерінің, экскурсиялық және т.б. қызметтердің сапалы болуын талап етіп отыр. Осы бағыттардың ішінде тамақтандыру қызметінің рөлі зор.

2017 жылғы ЭКСПО халықаралық көрмесі қарсаңында Астана қаласына 5 млн. жуық турист келеді деп жоспарлануда [2].

Қазақстан Республикасында осындай бизнес-жобаның орын алуы алғашқы болып табылады. Автобус-кафенің туристер мен мемлекет тұрғындарына сапалы қызмет көрсету